

Шағын қалаларды, соның ішінде экономикасы күйзеліске ұшыраған қалаларды дамытуға облыстық бюджеттерге мақсатты трансферттерді бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қаңтардағы N 96 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңының 30-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес шағын қалаларды, соның ішінде экономикасы күйзеліске ұшыраған қалаларды дамытуға 2004 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген мақсатты трансферттер сомасын облыстық бюджеттерге бөлу бекітілсін.

2. О б л ы с ә к і м д е р і :

бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін; есепті айдан кейінгі келесі айдың 10 күніне дейінгі мерзімде 2004 жылдың бірінші жарты жылдығының және тұтас 2004 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп ұсынсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 2 0 0 4 ж ы л ғ ы
2 8 қ а ң т а р д а ғ ы
N 9 6 қ а у л ы с ы н а
қосымша

Шағын қалаларды, соның ішінде экономикасы күйзеліске ұшыраған қалаларды дамытуға арналған мақсатты трансферттер сомасын облыстық бюджеттерге бөлу

N	Облыстардың атауы	Қаражатты пайдалану бағыттары	Сомасы, мың теңге
1	2	3	4

1. Ақмола 1. Державинск қаласының сумен жабдықтау 15000

		желілерін қайта жаңарту	
		2. Степняк қаласының су құбыры желіле.	15000
		рін қайта жаңартуды бастау	
2.	Ақтөбе	1. Алға қаласының орталық қазандығын	15000
		күрделі жөндеу	
		2. Шалқар қаласының тазалау құрылыс.	15000
		тарын және кәріз желілерін күрделі	
		жөндеуді бастау	
3.	Алматы	1. Талғар қаласының сумен жабдықтау	44569,4
		жүйесін қайта жаңарту және салу	
		2. Талғар қаласының су жинағы құрылыс.	
		тарын қайта жаңарту, күрделі жөндеу	
		және олардың жабдықтарын ауыстыру	5430,6
4.	Шығыс Қазақстан	1. Курчатов қаласының су құбыры желі.	30900
		лерін қайта жаңарту және сумен жабдық.	
		тау ғимараттары мен құрылыстарын күрделі	
		жөндеу	
		2. Серебрянск қаласының сумен жабдықтау	19100
		сыртқы жүйесін күрделі жөндеу	
5.	Қарағанды	1. Қарқаралы қаласының жылумен жабдық.	15000
		тау жүйесін қайта жаңартуды бастау	
		2. Абай қаласының су құбыры желілерін	
		қайта жаңартуды бастау және оңтайландыру	15000
6.	Қостанай	1. Арқалық қаласының су құбыры тарату	15000
		желілерін қайта жаңартуды бастау	
		2. Жітіқара қаласының жылу желілерін	15000
		қайта жаңартуды бастау	
7.	Қызылорда	1. Арал қаласының орамшілік су құбыры	15000
		және кәріз желілерін қайта жаңартуды	
		бастау	
		2. Арал вагон жөндеу зауыты базасында	50000
		пластикалық шыны қайықтар шығаруды	
		қамтамасыз ету	
8.	Маңғыстау	1. Форт-Шевченко қаласының сумен	15000
		жабдықтау желілерінің құрылысын бастау	

Барлығы:

300000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК